**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Бекітемін**
**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» ШЖҚ РМК ректоры**

**_____________ Т. Балықбаев**
**«____» қыркүйек 2019 ж.**

# «ПРОФЕССОР-ЗЕРТТЕУШІ» ҚЫЗМЕТІН АТҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ /

# ПОЛОЖЕНИЕ О ЗАМЕЩЕНИИ ДОЛЖНОСТИ «ПРОФЕССОР-ИССЛЕДОВАТЕЛЬ»

| Көшірмесі/ Копия | Код | Басылым/ Издание | Әзірленген/ Разработано | Келісілді/ Согласовано | Келісілді/ Согласовано |
|---|---|---|---|---|---|
| | П КазНПУ 1163-19 | первое | Сахиев С.Қ. | Бектемесов М.А. | Әлімжан Д.О. |
| | | | | Құлсариева А.Т. | Дулатов Е.С. |
| | | | | Дамитов Б.К. | **Норма бақылау** Жанбаева Л.А. |

**Алматы, 2019**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Абай атындағы ҚазҰПУ-да профессор-зерттеуші қызметіне қабылданған мамандардың мәртебесін анықтайды және олардың құқықтары мен міндеттерін сипаттайды.

1.2. Профессор-зерттеуші лауазымы Абай атындағы ҚазҰПУ-ға жетекші ғалымдарды тарту, кадрлық әлеуетті сақтау және оны жетілдіру,Университеттің ғылыми мектептерін қолдау мақсатында енгізіледі.

## 2. Жұмысқа қабылдау

2.1. «Профессор-зерттеуші» лауазымына жұмысқа қабылдау конкурстық тәртіппен және ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.2. «Профессор-зерттеуші» қызметіне конкурстық тәртіппен ғылыми мектептерді қалыптастыруға, жаңа ғылыми бағыттарды ұйымдастыруға және дамытуға ықпал ететін ғылыми қызметпен белсенді айналысатын қазақстандық және шетелдік белгілі ғалымдар қабылданады. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары:

- психологиялық-педагогикалық ғылымдар;
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар;
- жаратылыстану ғылымдары;
- ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар.

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

- ғылым докторы/кандидаты немесе PhD дәрежесі, профессор немесе қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағының болуы;
- Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1 және 2 квартиліне кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore процентиль көрсеткіші бойынша 50-ден кем емес бір немесе бірнеше ғылыми сала бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдардың болуы;
- Хирш (Hi) индексінің болуы;
- ағылшын тілін меңгеру және ағылшын тілінде оқытуы.

Конкурсқа қажетті құжаттар: конкурсқа қатысуға өтінім, түйіндеме, ғылыми-зерттеу жобасына өтінім, үміткерлерге жоғарыда көрсетілген талаптарды растайтын құжаттама портфолиосы (дәйексөздер базасынан алынған скриншоттар, шетелдік басылымдардағы жарияланымдардың көшірмелері және т.б.).

2.3. Абай атындағы ҚазҰПУ-ға «Профессор-зерттеуші» лауазымына қабылдау туралы шақыруды ректор, бірінші проректор, проректорлар, Ғылыми кеңес, білім беру институттарының директорлары және Абай атындағы ҚазҰПУ-дың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асыра алады.

2.4. Үміткердің біліктілігін бағалау үшін ректордың бұйрығымен сараптау комиссиясы құрылады.

2.5. «Профессор-зерттеуші» лауазымына ректордың бұйрығымен тағайындалады.

## 3. Қызметі

3.1. Қызметкер Абай атындағы ҚазҰПУ-да «Профессор-зерттеуші» лауазымына конкурстық тәртіппен еңбек келісім-шарты бойынша 3 академиялық жыл мерзімге оқытушылық және ғылыми қызметті жүргізу үшін толық штаттық бірлікке қабылданады; бұл ретте жүктеменің 75% немесе одан да көбі ғылыми-зерттеу жұмыстарына, 25% дейін жүктеме оқытушылық жұмысқа бөлінеді. Шарттық

міндеттемелер мен жеке жоспар орындалмаған жағдайда жұмыс беруші 3 жылдық кезең аяқталғанға дейін шартты бұзуға құқылы.

3.2. «Профессор-зерттеуші» лауазымындағы қызметкердің оқытушылық қызметіне дәрістерді оқу, семинарларға басшылық жасау, магистрлерді және PhD-докоранттарды ғылыми басқару, ғылыми қызметкерлерге, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға және де Абай атындағы ҚазҰПУ тәртібімен белгіленген өзге де функцияларға сәйкес кеңес беру кіреді.

3.3. Оқу жүктемесінің көлемі мен құрылымы, сондай-ақ жұмыс сағаттары профессор-зерттеушінің бекітілген жеке жоспарына сәйкес анықталады және белгіленеді.

3.4. Профессор-зерттеушінің ғылыми қызметі іргелі және қолданбалы зерттеулерді орындауды, осы зерттеулерге басшылық жасауды жүзеге асыруды, ғылыми-зерттеу семинарларын өткізуді қамтиды.

3.5. Профессор-зерттеуші белгіленген тәртіппен аффиляцияны Абай атындағы ҚазҰПУ-мен көрсете отырып, жыл сайын ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін халықаралық дәйексөздер базасына кіретін жетекші қазақстандық және шетелдік журналдарда жариялауға міндетті. Халықаралық дәйексөздер базасына кіретін шетелдік журналдардағы жарияланымдардың саны жылына екі бірліктен кем болмауы тиіс, жыл сайын Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша 1 және 2 квартиліне кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore процентиль көрсеткіші бойынша 50-ден кем емес бір немесе бірнеше ғылыми сала бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болуы керек.

3.6. Профессор-зерттеушінің ғылыми және педагогикалық қызметі университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен жеке жоспар бойынша жүзеге асырылады, оған педагогикалық жұмыс жоспары, ғылыми жоба бойынша жұмыс жоспары, жарияланымдар жоспары, конференциялар мен семинарларға қатысу жоспары, іссапарлар жоспары кіреді.

3.7. Профессор-зерттеушінің ғылыми және педагогикалық қызметі және жеке жоспардың орындалуы университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында жыл сайын бағаланады.

3.8. Профессор-зерттеуші Ғылым департаментіне жыл сайын 1 желтоқсанға дейін зерттеу нәтижелерін растаумен қоса орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жазбаша есеп беруге, сондай-ақ әрбір оқу жылы аяқталғаннан кейін педагогикалық жүктеменің орындалуы туралы есеп беруге міндетті.

## 4. Еңбек ақы төлеу шарттары

4.1. «Профессор-зерттеуші» лауазымындағы қызметкердің еңбекақысы еңбек шартына сәйкес Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының бұйрығымен белгіленеді.

4.2. «Профессор-зерттеуші» лауазымындағы қызметкердің еңбекақысы Абай атындағы ҚазҰПУ-дің меншікті қаражатынан жүзеге асырылады.

## 5. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты

5.1. Оқытушы-зерттеушіге жыл сайынғы негізгі демалыс ұзақтығы 28 күн және ғылыми-педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін қосымша жыл сайынғы ақылы 28 күнтізбелік күн демалыс беріледі.

## 6. Еңбек шартын бұзу

6.1. Постдокторлық бағдарламаның стипендиатымен келісім-шарт ҚР еңбек заңнамасында қарастырылған және шарттарда көзделген тәртіппен тоқтатылады.

## 7. Жауапкершілік

7.1. Осы Ереже талаптарының сақталуына ғылыми жұмыс және харалық ынтымақтастық жөніндегі проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, білім беру институттарының директорлары және ғылыми-зерттеу құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жауапты болады.

7.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар университетте белгіленген тәртіппен енгізіледі.

## 1. Общие положения

1.1. Настоящее положение определяет статус и описывает права и обязанности специалистов, принятых на должность профессора-исследователя в КазНПУ имени Абая.

1.2. Должность профессор-исследователь вводится в КазНПУ имени Абая в целях привлечения ведущих ученых в Университет, сохранения и повышения кадрового потенциала и поддержки научных школ Университета.

## 2. Прием на работу

2.1. Прием на работу на должность «Профессора-исследователя» осуществляется в конкурсном порядке и в соответствии с действующим трудовым законодательством РК.

2.2. На должность «Профессор-исследователь» в конкурсном порядке могут быть приняты известные казахстанские и зарубежные ученые, активно занимающиеся научной деятельностью, способствующие формированию научных школ, организации и развитию новых научных направлений. Приоритетные направления фундаментальных и прикладных исследований:

- психолого-педагогические науки;
- социально-гуманитарные науки;
- естественные науки;
- информационные и телекоммуникационные технологии.

Предъявляемые требования к кандидатам:

- наличие ученой степени доктора/кандидата наук или PhD, ученого звания профессора или ассоциированного профессора (доцента);
- наличие публикаций в международных рецензируемых научных журналах, входящих в 1 и 2 квартиль по данным Journal Citation Reports компании Clarivate Analytics или имеющих в базе данных Scopus показатель процентиль по CiteScore не менее 50 по одной или нескольким научным областям.
- наличие Индекса Хирша (Hi);
- владение английским языком и преподавание на английском языке.

Конкурсная заявка включает: заявление об участии в конкурсе, резюме, заявка на научно-исследовательский проект, портфолио с подтверждающей вышеуказанные требования к кандидатам документацией (скрин-шоты из баз цитирования, копии публикаций в зарубежных изданиях и др.).

2.3.Приглашение о приеме в КазНПУ имени Абая на должность «Профессор-исследователь» может быть инициировано ректором, первым проректором, проректорами, Ученым Советом, директорами образовательных институтов и руководителями научно-исследовательских структурных подразделений КазНПУ имени Абая.

2.4. Для оценки квалификации кандидата приказом ректора создается экспертная комиссия.

2.5. Профессор-исследовательназначается на должность приказом ректора.

## 3. Деятельность

3.1. Работник принимается в КазНПУ имени Абая на должность «Профессор-исследователь» в конкурсном порядке по трудовому договору сроком на 3 академических года на полную штатную единицу для ведения преподавательской и научной деятельности; при этом 75% рабочей занятости и более отводится на научно-исследовательскую работу, до 25% рабочей занятости отводится на

преподавательскую работу. В случае невыполнения договорных обязательств и индивидуального плана работодатель имеет право расторгнуть договор до истечения 3-х-годичного периода.

3.2. Преподавательская деятельность работника в должности «Профессор-исследователь» включает в себя чтение лекций, руководство семинарами, научное руководство магистрами и PhD-докторантами, консультирование научных работников, профессорско-преподавательского состава и обучающихся и иные функции в соответствии с установленным в КазНПУ имени Абая порядком.

3.3. Объем и структура учебной нагрузки, а также присутственные часы определяются и устанавливаются в соответствии с утвержденным индивидуальным планом профессора-исследователя.

3.4. Научная деятельность профессора-исследователя включает в себя выполнение фундаментальных или прикладных исследований, осуществление руководства этими исследованиями, проведение научно-исследовательских семинаров.

3.5. Профессор-исследователь обязан ежегодно публиковать результаты научно-исследовательских работ в ведущих казахстанских и зарубежных журналах, входящих в международные базы цитирования, указывая аффиляцию с КазНПУ имени Абая в установленном порядке. Количество публикаций в зарубежных журналах, входящих в международные базы цитирования, должно быть не менее **двух** единиц в год, ежегодно, в международных рецензируемых научных журналах, входящих в 1 и 2 квартиль по данным Journal Citation Reports компании Clarivate Analytics или имеющих в базе данных Scopus показатель процентиль по CiteScore не менее 50 по одной или нескольким научным областям.

3.6. Научная и педагогическая деятельность профессора-исследователя осуществляется по утвержденному Ученым советом университета индивидуальному плану, который включает в себя план педагогической работы, план работы по научному проекту, план публикаций, план участия в конференциях и семинарах, план командировок.

3.7. Научная и педагогическая деятельность профессора–исследователя и выполнение индивидуального плана оцениваются ежегодно на заседании Ученого совета университета.

3.8. Профессор-исследователь обязан ежегодно, до 01 декабря, представлять в Департамент науки письменный отчет о выполненной научно-исследовательской работе с приложением подтверждения результатов исследований, а также по окончанию каждого учебного года представлять отчет о выполнении педагогической нагрузки.

## 4. Условия оплаты труда

4.1. Оплата труда работника в должности «Профессор-исследователь» устанавливается приказом ректора КазНПУ имени Абая в соответствии с трудовым договором.

4.2. Оплата труда работника в должности «Профессор-исследователь» осуществляется из собственных средств КазНПУ имени Абая.

## 5. Рабочее время и время отпуска

5.1.Профессору-исследователю предоставляются основной ежегодный оплачиваемый отпуск продолжительностью 28 календарных дней и за достижения в научно-педагогической деятельности дополнительный ежегодный оплачиваемый отпуск продолжительностью 28 календарных дней.

## 6. Расторжение трудового договора

6.1. Трудовой договор с профессором-исследователем подлежит расторжению в порядке и на условиях, предусмотренных трудовым законодательством РК.

## 7. Ответственность

7.1. Ответственность за соблюдение требований данного Положения несут проректор по научной работе и международному сотрудничеству, проректор по учебной работе, директора образовательных институтов, руководители научно-исследовательских структурных подразделений.

7.2. Изменения и дополнения в данное Положение вносятся в установленном в Университете порядке.